The background is a solid blue color decorated with various winter-themed elements. On the left side, there is a vertical strip of stylized Christmas trees in shades of cyan and blue. Scattered throughout the background are numerous snowflakes of different sizes and colors, including white, light blue, and cyan. Some snowflakes are simple six-pointed stars, while others are more complex, multi-lobed shapes. There are also several white plus signs (+) scattered across the page.

Қазақстандағы авторлық мектептердегі педагогикалық технологиялар



**Құмаш Нұрғалиұлы
Нұрғалиев
(1925 - 1988)**



Шығыс Қазақстан облысының
Марқакөл ауданында дүниеге
келген;

Шыңғысхан мектебінің 6
жылдық мектебін бітірген;

19 жасында ҰОС аттанады;

1944 жылы алған жарақатына
байланысты Мәскеу
госпиталінде ем алады;

8-10 сыныптық бітіргені
аттестатын алады;

Бухгалтерлік курсты сырттай
бітіріп алады;

Орыс тілі мен әдебиетінен
сабақ береді.

30 жылдан астам директор
қызметін атқарады.

Қ.Н.Нұрғалиевтың негізгі идеялары мен педагогикалық тәжірибесі

- **Идеясы:** Боран мектебін білімдар әрі бала жүрегіне сезімтал ұстаздар ордасына айналдыру, жаңалыққа ұмтылуды мақсат ету, жаңалық үшін ғана емес, жалпының игілігі үшін жұмыс істеу.
- **Жаңашыл ұстаздың басына тән басты қасиеттер:** ерен ерлігі, жауапкершілігі, еңбекқорлығы, турашылдығы, біліктілігі, талап қойғыштығы, ұйымдастырушылық қабілеті, адамгершілігі, педагогтың ізденімпаздығы, шығармашылығы.
- Еліміздің таңдаулы мектептерінің бірі Боран мектебі мыңға жуық оқушы оқыған ауылдық жердегі аралас мектеп болған. Мектеп жанындағы оқу өндірістік кешенінде 9-10 сыныптағылар екі жыл ішінде жүргізуші, тракторшы, электрик мамандықтарын алып шыққан. Мектептің бүкіл оқу тәрбие жұмысы техникалық құралдарды қолдануға негізделіп, барлық 40 кабинеттің техникалық орталығы республикамызда тұңғыш рет осы мектепте жасалып, мыңдаған дыбыстық фонограммалардың, диафильмдер, диопозитивтердің, кинофильмдер мен кино-фрагменттердің, магнитофон жазбаларының үлкен қоры жинақталған орталық телестудиясы болған. Студиядағы операторлар да, режиссерлар да 7-сыныптан жоғары оқитындар болды.



**«Бұл ғажап
адамның өмірі –
ерлік»**

Д. Қонаев



Қ. Нұрғалиев атындағы мектеп
гимназиясы

Мектептің тарихы

- 1991 жылы қазан айында Өскемен қаласында мемлекеттік тілде оқытатын алғашқы мектеп ашылды.
- 1994 жылы мектепке халық ұстазы Құмаш Нұрғалиевтің аты берілді.
- 2008 жылы мектепке гимназия статусы берілді

Мектептің материалдық техникалық базасы:

- Сынып бөлмелері 26
- Спорт залы 2
- Кітап қоры 27.740
- Компьютерлік сынып 2
- Интерактивті тақтамен жабдықталған сыныптар саны: 4
- Мультимедиялық кабинет 1
- Лингафонды кабинет 1
- Физика кабинеті 1
- Химия кабинеті 1



Қазір мектепте 868 оқушы,

- **33 сынып комплекті;**
- **61 мұғалім соның ішінде: жоғарғы категориялы: 22;**
1 категориялы – 15; 2 категориялы – 16; Категориясыз - 5
- **КазССР оқу үздігі - 1**
- **Аға мұғалім - 3**
- **Білім министрінің мақтау қағазымен марапатталғандар - 6**
- **ШҚО БАРИ лекторлары - 12**
- **Оқушылардың ғылыми жоба жеңімпаздары:**
Қалалық - 35
Облыстық - 19
Республикалық - 10





**Қанипа
Омарғалиқызы
Бітібаева
(1945-2014)**

Қазақстанның еңбек
сіңірген мұғалімі, КСРО
Мемлекеттік сыйлығының
лауреаты, қазақ
мектептерінде әдебиетті
оқытудың жаңа жүйесін
қалыптастырған
ұстаздардың бірі



- 1945 жылы Тарбағатай ауданының Комсомол ауылында дүниеге келген.
- 1963 жылы Ақжар ауылындағы Абай атындағы орта мектепті бітіріп, бір жылдай механизатор болып жұмыс істеді.
- 1964-1968 жылдар аралығында Семейдің Н.Крупская атындағы педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінде білім алып, аталған оқу орнын үздік дипломмен тәмамдады.
- 1968-1980 жылдары туған ауылында мұғалім, директордың оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды.
- Өскемендегі дарынды балаларға арналған Жамбыл атындағы мектеп-интернатында 1980 жылдан өмірінің соңғы күндеріне дейін абыройлы еңбек етті.

1991 жылы 19 мамырда Қанипа Бітібаеваның ғылыми әдістемелік атаулы мектебі ашылып, оның жетекшілігімен ұстаздар "Әдебиетті тереңдетіп оқыту әдістемесін" жетілдіруге ат салысуда.

70-тен аса мақала мен 23 кітаптың және оқулықтардың авторы.

Абай, Мұқағали лирикаларын меңгерудің жолдары тақырыпқа қатысты сабақ еткізудің технологиялық картасы, поэтикалық талдаулардың үлгілері, шығармашылық жұмыстарын жазған.

Ұстаздың Абай туындыларын оқытуға негізделген екі кітабы, Мұхтар Әуезов шығармаларын оқытуға бағытталған үш кітабы бар.



Архимед Мыңбайұлы
Ысқақов
(1953 жылы)



- 1953 жылы 1 ақпанда Көкшетау қаласында дүниеге келген.
- 1975 жылы Киров атындағы Қазақтың мемлекеттік университетінің физика математика факультетін бітіріп, Алматы, Ресей мектептерінде математика пәнінен сабақ беріп мол тәжірибе жинақтаған, жаңашыл ұстаз.
- 1988-1989 оқу жылынан бастап ерекше тәрбиені қажет ететін жоғары сынып оқушыларына арналған эксперименттік мектептің директоры қызметін атқарды.
- 1991 жылдан «Архимед» жекеменшік мектебінің жетекшісі.
- Білім саласы бойынша "Тарлан-2000" сыйлығының иегері. 2008 жылы «Парасат» орденімен марапатталды.
- 1967 жылы «Звучи, там-там!» фильмінде, 1988 жылы «Игла» фильмінде ойнаған.





1988 жылы «Игла» фильмінде Архимед рөлінде



Маған идеологияға артық көңіл аударғандары ұнамайтын, шет тілдер сияқты маңызды пәндерді кемсіту, оқыту бағдарламасында қосымша жақтары жоқтығы. Әрине, ғаламдық өзгерістерден бастауға болмайды, сондықтан, мен өз идеямды бір мектеп шектеуінде жоғары сыныптар оқушылары (10-11 сыныптар) үшін енгізуді шештім. Сонымен қоса, жаңа модельді қоғамның еңқорғанбаған бөлігіне – «қиын жасөспірім», деп аталатындарға іске асырғым келді. Біз криминалды өткен шағы бар балаларды, жетімдерді, жартылай жетімдерді, негізге мектептерден шығарып жібергендерді қабылдап алдық.



Мектептің жаңа енгізулерінің бірі оқудың ерекше кестесі болды. Әр 1988 жылы түскен 250 жасөспірім алматылық кәсіпорындарының біріне жұмысқа орналастырылды. Сағат 8.00-ден 12.00-ге дейін оқушылар жұмыс істетін, ал, 14.00-ден 20.00-ге дейін міндетті мектеп пәндері, 20.00-ден 23.00-ге дейін – қосымша сабақтар, онда білім кемістігі жөнделетін және бейінді жоо-ға түсуге дайындықтар басталады.




Алғашқы жылдары мектептің естігенге қиын және ұзын атауы болған: «Республикалық ерекше жағдайда оқуға қажеттенетін жасөспірімдерге арналған тәжірибелік мектеп». Одан кейін ол ықшамдылау болып қысқарды «Жоғары оқушылардың тәжірибелік метебі». Бірақ, оның құрылған бірінші жылынан бастап оған Архимед мектебі деген ат қойылды



Әр жаз оқушылар топ-топтап елдің неше түрлі аймақтарына – Грузияға, Прибалтикаға, Камчаткаға, Одессаға және т.б. демалуға кететін. Оқытушылар алдын ала болатын баруды жариялайтын, ал, топтарды жинағаннан кейін бюджетті демалыс базаларын іздейтін және ойын–сауық бағдарламасын дайындайтын. Турпутевкалар жалпы мектеп қаражатынан төленетін, оқушылар үшін төлем ақысыз болатын




Мүндетті түрде сурет өнері, мүсін және сәулет, музыка, кино, театр тарихтарынан сабақтар болды.



Шет тілдерін оқытатын лингафонды кабинет



Мектептің көптеген мұғалімдері
еңбегі сіңген педагог атақтарына ие
болды



Архимед мектебінің педагогикалық процесі демократиялық және ізгілік негізінде құрылған. Мектеп оқушыға кең еркіндік береді. Тек бір ғана мақсаты – заманына сай саналы да өрелі әрі дені сау парасатты азамат болып өсуді талап етеді.



Назарларыңызға
рахмет!!!

